



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ЖАЛПЫҒА МІНДЕТТІ БІЛІМ БЕРУ СТАНДАРТЫ**

Жоғары кәсіптік білім

БАКАЛАВРИАТ

МАМАНДЫҒЫ	051101 – «МЕЙІРБИКЕ ІСІ»
СПЕЦИАЛЬНОСТЬ	051101 – «СЕСТРИНСКОЕ ДЕЛО»
SPECIALITY	051101 – «NURSING»

ҚР МЖМБС 3.08.388-2006

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Астана

Алғы сөз

1 “Эмили” медицина орталығы – Мейірбике ісі институты
ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗГЕН

2 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2006 жылғы 1 желтоқсандағы № 582 бұйрығымен **БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ**

3 **АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛГЕН**

4 Осы стандартта «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы № 389-І Заңының және «Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын әзірлеу, бекіту және қолданылу мерзімінің тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 қыркүйектегі № 1290 қаулысының нормалары іске асырылған.

Осы стандартты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

Мазмұны

1 Қолдану саласы	1
2 Нормативтік сілтемелер	1
3 Анықтамалар мен қысқартулар	1
4 Мамандық аясындағы білім беру бағдарламасының тізбесі.....	2
5 Біліктілік пен лауазымдар тізбесі	2
6 051101 – «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша бітірушінің біліктілік сипаты	3
7 Білім берудің негізгі жалпыұлттық мақсаты және мақсаттар иерархиясы (пәндер циклдары бойынша мақсаты).....	8
8 Бітірушілердің білім деңгейіне қойылатын талаптар.....	9
9 051101 – «Мейірбике ісі» мамандығының білім беру бағдарламаларының мазмұны.....	11
10 051101 – «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша бітірушіні даярлау білім беру ортасына қойылатын талаптар.....	33
11 Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын жасауға, жанартуға (өзгертуге, түзетуге) қойылатын талаптар.....	36
А Қосымшасы	38

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖАЛПЫҒА МІНДЕТТІ БІЛІМ БЕРУ СТАНДАРТЫ

Жоғары кәсіптік білім

051101 - «МЕЙРБИКЕ ІСІ» МАМАНДЫҒЫ

Енгізу күні 2007.09.01

1 Қолдану саласы

Осы стандарт ҚР МЖМБС 5.03.001-2004 «Жоғарғы кәсіптік білім. Бакалавриат. Негізгі ережелер» негізінде әзірленген және 051101 - «Мейрбике ісі» мамандығы бойынша кәсіптік білім берудің құрылымы мен мазмұнына және бакалаврлардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптарды белгілейді.

Стандарттың ережелерін көрсетілген мамандық бойынша бакалавр дайындауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары өздерінің ведомстволық бағыныстылығына, ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, қолдануға және сақтауға міндетті.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта ҚР МЖМБС 5.03.001-2004 «Жоғары кәсіптік білім (бакалавриат). Негізгі ережелеріне» келтірілген № 1 өзгерістер енгізілген ҚР МЖМБС 5.03.001-2004 «Жоғары кәсіптік білім. Бакалавриат. Негізгі ережелері» және № 2 өзгерістер енгізілген ҚР МЖМБС 5.03.001-2004 «Жоғары кәсіптік білім. Бакалавриат. Негізгі ережелері», «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңы, «Денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңы, «Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы» ҚР 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңы, «Қазақстан Республикасының медициналық және фармацевтикалық білім беру ісін реформалау тұжырымдамасы туралы» ҚР Үкіметінің 24.04.06 жылғы № 317 қаулысына сілтемелер қолданылды.

3 Анықтамалар және қысқартулар

Осы стандартта Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына және ҚР МЖМБС 5.03.001-2004 «Жоғары кәсіптік білім. Бакалавриат. Негізгі ережелеріне» сәйкес қысқартулар, терминдер мен анықтамалар қолданылған.

Ресми басылым

Осы стандартта келесі қысқартулар қолданылады:

- ЖББП - жалпы білім беру пәндері;
- БП - базалық пәндер;
- КП - кәсіптендіру пәндері;
- ОСЖ - оқытушылардың студенттермен жұмысы;
- СӨЖ - студенттердің өзіндік жұмысы;
- ОЖСӨЖ - оқытушы жетекшілігімен атқарылған студенттің өзіндік жұмысы;
- ЕАМ - емдік-алдын алу мекемесі;
- БМСК - бастапқы медициналық-санитарлық көмек.

4 Мамандық аясындағы білім беру бағдарламасының тізбесі

Білім беру бағдарламаларының тізбесін 051101 - «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде типтік оқу жоспарына сәйкес жоғары оқу орнының Кеңесі белгілейді.

5 Біліктіліктер мен лауазымдар тізбесі

Біліктіліктер мен лауазымдар Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 22.11.2002., № 273-ІІ бұйрығымен бекітілген «Басшылардың, мамандардың және басқа қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына» сәйкес және басқа да нормативті құжаттармен айкындалады.

051101 - «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша бітірушілерге «Мейірбике ісі бакалавры» академиялық дәрежесі тағайындалады. «Медицина мейірбикесі-менеджер» біліктілігі беріле отырып, жоғары базалық білімі туралы дипломы мен бірге оқу жоспары бойынша игерілген несие және академиялық сағаттар көлеміне сай меңгерген пәндер тізімі мен бағалары туралы академиялық анықтама (транскрипт) беріледі.

Түлектердің жоғары білімін растайтын құжат нұсқасы Қазақстан Республикасының заңдарында сәйкес реттеліп беріледі.

051101 - «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша оқуды тәмамдаған түлек заңдарға сәйкес бас дәрігердің Мейірбике ісі бойынша орынбасары, жетекші медбике, мейірбикелік күтім ауруханасының, хоспистің, денсаулық пунктінің меңгерушісі, ЕАМ бөлімшесіндегі жетекші медбике, медициналық колледждерде мейірбике ісі мамандығын дайындайтын оқытушы қызметтерін атқара алады.

Мейірбике ісі бакалавры оқуын магистратурада жалғастыруға құқылы.

6 Мейірбике ісі бакалаврының біліктілік сипаттамасы

6.1 Кәсіби қызметінің саласы

051101 - «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша түлектің кәсіби қызметінің аясы болып табылады: денсаулық сақтау, медицина, ғылым, жоғары білім беру, әлеуметтік қорғау мекемелері.

6.2 Кәсіби қызметінің объектілері

051101 - «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша түлектің кәсіби қызметінің нысанасы балалар мен үлкендер болып табылады. Кәсіби қызметті іске асыруды ұйымдастыру болып табылады:

- денсаулық сақтау саласын басқаруды ұйымдастыру;
- денсаулық сақтау саласын ұйымдастыру;
- жоғары білім беруді ұйымдастыру;
- ғылым саласын ұйымдастыру;
- әлеуметтік қорғауды ұйымдастыру.

6.3 Кәсіби қызметінің іс-мәні

Түлектің кәсіби қызметінің іс-мәні болып табылады:

- үлкендер мен балаларға жоғары дәрежелі медициналық көмек көрсету;
- санитария-гигиеналық және эпидемияға қарсы іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу;
- емделуші және оның туысқандарымен, әріптестермен, әлеуметтік қызмет уәкілімен сенімді қарым-қатынасты қалыптастыру;
- салауатты өмір сүру салтын насихаттау;
- денсаулық сақтау саласының экономикалық-ұйымдастыру мен басқару қызметін қалыптастыру және дамыту;
- ғылыми методология мен айғақты медицина принциптерін дамыту және қолдану;
- педагогикалық дағдыларды қалыптастыру және дамыту;
- әрқашан ғылыми жетістіктердің негізінде өзінің кәсіби білімін шыңдауға дайындығы.

6.4 Кәсіби қызметтің түрлері

051101 - «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша түлек келесі кәсіби қызметтің түрлерін атқара алады:

- емдік-алдын алу және диагностикалық;
- санитария-гигиеналық, эпидемияға қарсы;
- ұйымдық-басқару;
- ғылыми-зерттеу;
- білім беру (педагогикалық);
- ақыл-кеңес;
- ақпараттық-аналитикалық;

- маркетинг;
- инновациялық.

6.5 Кәсіби қызметінің функциясы

051101 - «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша бакалаврлардың кәсіби қызметінің міндетті істері:

- мейірбикелік қызметкерлерге басқару, мекеме жұмысының тиімділігін жетілдіру үшін басқару тәсілдерін дамыту және енгізу;
- әр емделушінің жеке сұранысына бағытталған мейірбикелік қызмет үрдісін іске асыру;
- мейірбикелік қызметті дамытудағы негізгі мүмкіншіліктерді сараптау және бағалау;
- емделуші және оның туыскандарымен, әріптестермен, әлеуметтік қызмет уәкілімен сенімді қарым-қатынасты орнатып, медициналық этика және деонтология принциптерін сақтау;
- ұжымдағы әлеуметтік-психологиялық ортаны реттеу;
- мейірбике істері бойынша ғылыми зерттеулерді жоспарлап, іске асыру;
- тұрғындар денсаулығын саралап және бағалау шараларын іске асыру;
- алдын алу, емдік және сауықтандыру шараларын ұйымдастыру және жүзеге асыру;
- шұғыл және жедел жәрдемді ұйымдастыру мен көрсету;
- нақты мағлұматтар алу, медициналық мәселелерді шешу және халыққа көмек көрсету үшін нақты ақпараттық және коммуникациялық технологияны тиімді қолдану, денсаулық сақтау жүйесінде және дербес оқу кезінде бірыңғай ақпараттық жүйемен жұмыс істеу;
- педагогикалық және тәрбие жұмысын жүзеге асыру.

6.6 Кәсіби қызметінің типтік міндеттері

Мейірбике ісі мамандығы бойынша бакалаврлардың кәсіби қызметінің типтік міндеттері:

- тұрғындардың физикалық, психологиялық, әлеуметтік және мәдени факторларын ескере отыра медициналық көмек көрсету және алдын алу шараларын жүргізу;
- денсаулық сақтау жүйесіндегі Мейірбике ісі жағдайын сараптау және бағалау;
- нарықтық экономикалық жағдайда мейірбикелік қызметтің келешекте дамуын жасау;
- денсаулық сақтау аясындағы ғылыми жетістіктердің негізінде тұрғындарға көрсетілетін медициналық көмектің сапасын арттыру;
- мейірбикелік қызмет жұмысының тиімділігін жетілдіру үшін басқару тәсілдерін дамыту;
- Мейірбике ісі бойынша мамандық дайындау жүйесін жетілдіру;
- тұрғындарға медициналық көмекті ұйымдастыру мен жүзеге асыруда менеджмент принциптерін қолдану.

6.7 Кәсіби қызметінің бағыттары

- мейірбикелік қызметкерлерге басқару, мекеме жұмысының тиімділігін жетілдіру үшін басқару тәсілдерін дамыту және енгізу;
- әр емделушінің жеке сұранысына бағытталған мейірбикелік қызмет үрдісін іске асыру;
- мейірбикелік қызметті дамытудағы негізгі мүмкіншіліктерді сараптау және бағалау.

6.8 Кәсіби қызметінің мазмұны

Мейірбике ісі бакалаврларының кәсіби қызметінің мазмұны:

- ұйымдастыру-басқару: шұғыл және стратегиялық басқарудағы ізденіс, құрастыру, ұйымдастыру; тұрғындарға сапалы медициналық алдын алу көмек көрсететін медициналық мекемелердің жұмысын жетілдіруге бағытталған басқарудың дұрыс жолын таңдау;
- өндірістік-технологиялық: медициналық көмектің сапасын жақсартуға мүмкіншілік туғызатын экономикалық тиімді жаңа медициналық технологияны жасау және енгізу;
- педагогикалық: мейірбике ісін оқытудың мазмұнның, әдістері мен технологиясын жасау; студенттерге білім беру үрдісінде, медициналық мамандармен жұмыс атқаруда, емделуші және оның туысқандарымен сенімді қарым - қатынас қалыптастыруда педагогикалық білімді қолдану;
- ғылыми-зерттеу: мейірбике ісі аясында ғылыми-практикалық зерттеулерді ұйымдастыру және орындау;
- ақыл-кеңес: кәсіби сұрақтарды шешу кезіндегі келелі мәселелерді талқылап түсіндіру;
- ақпараттық-аналитикалық: медициналық көмек көрсету аясында қолданылатын ақпараттарды жинау (компьютер), сақтау және өндеу тәсілдеріне игеру;
- маркетинг: тұрғындарға медициналық қызмет көрсету кезіндегі денсаулық сақтау саласындағы маркетингті басқару;
- инновациялық: тұрғындарға емдік-алдын алу және медициналық-санитарлық көмекті ұйымдастыру мен көрсетудегі жаңа технологияларды жасау;
- клиникалық: алдын алу, емдік-диагностикалық және сауықтыру шаралар орындалуының негізгі алгоритмдерін білу, шұғыл жағдайда жедел көмек көрсету, паллиативті көмек; емделуші мен қызметкерлерді оқытып үйрету; мейірбикелік көмекті жоспарлау, ұйымдастыру, орындау және тиімділігін бағалау; белгілі бір жағдайда тұрғындардың әр жастағы топтарына мейірбикелік көмек көрсету принциптері;
- медициналық-алдын алу: тұрғындардың және жеке адамдардың денсаулығын сауықтыру, нығайту, аурулардың алдын алуына бағытталған шараларды орындау.

6.9 Мейірбике ісі бакалаврының негізгі қызметіне қойылатын талаптар

Мейірбике ісі бакалавры:

түсінігі болу керек:

- қоршаған ортадағы жүріп жатқан негізгі үрдістер мен құбылыстар және табиғат танудағы жаңа ғылыми әдістер туралы;
- ұлттық экономика мен өнеркәсіп салаларын басқару жүйесі;
- Қазақстан және басқа мемлекеттердің экономиканы басқару әдістемелері мен тәсілдері, сыртқы экономикалық саясатты;
- экономика туралы заңдар және оның түрлері;
- саясаттану, тарих ғылымдарының теоритика-методологиялық негіздері;
- адам денсаулығының қалыптасуы, қорғаныш қабілеті, қалыпты және патологиялық жағдайларда реттелу ерекшеліктері;
- денсаулық сақтау мен медицинаның негізгі мәселелері және оның басқа әлеуметтік саясат салаларымен байланысы;
- халықаралық саясаттағы денсаулық сақтаудың маңызы;
- кәсіби қызметті орындау кезінде кездесетін мәселелерді шешу әдістемелері.

білуі керек:

- әлеуметтік-гуманитарлық және экономикалық ғылым салалары бойынша негізгі ілімдерді;
- денсаулық сақтау саласындағы Қазақстан Республикасының заң және нормативті құжаттарды;
- адамның басқа тұлғамен, қоғамдағы, қоршаған ортадағы, кәсіби қызметтегі қарым - қатынасын реттейтін этикалық және құқықтық нормаларды;
- тіршіліктің басталу мен дамуының жалпы заңдылықтары және организм жүйелері, ағза, жасуша, тіннің құрылымы мен қызметінің қалыпты, патологиялық жағдайдағы ерекшеліктерін;
- медициналық мекемелерде емдік-қорғау, санитария-гигиеналық және санитария-эпидемиологиялық шараларға қойылатын талаптарды;
- ұжымдағы шиеленістерді, стрессті, инновациялық мәселелерді реттейтін психологиялық басқару жүйесінің тиімді әдістерін;
- денсаулық сақтау жүйесіндегі менеджмент пен маркетингтің негізгі принциптері мен ерекшеліктері;
- тиімді коммуникациялық және ұйымдастыру әдістері.

істей білуі керек:

- әлеуметтік-маңызды мәселелер мен үрдістерді ғылыми тұрғыдан саралау;
- тұрғындардың және жеке адамдардың денсаулығын сауықтыру, нығайту, аурулардың алдын алуына бағытталған шараларды орындау;

- кәсіби міндеттерді шешуде қоғамдық денсаулық сақтау мен тұрғындардың медициналық, медициналық-әлеуметтік және медициналық-санитарлық көмекке сұранысын саралау;
 - емделушінің денсаулық жағдайы туралы мәліметті жинау және бағалау;
 - емделушінің жеке сұранысы мен мәселелерін ескере отыра білікті күтімді қамтамасыз ететін мейірбикелік үрдісті ұйымдастыру және орындау;
 - емделушіге көрсетілген медициналық және медициналық-әлеуметтік көмектің тиімділігін бағалау;
 - өмірге қауіпті және шұғыл жағдайларда медициналық көмек көрсету;
 - ғылыми негізде ұжымдағы еңбекті ұйымдастыру;
 - кәсіби қызметті атқаруда дұрыс мақсат пен міндеттер қою және оны орындау үшін осы оқылатын пәндегі әдістерді қолдану;
 - ұжымдағы еңбек ресурстарына байланысты әріптестермен қарым-қатынас қалыптастыру, орындаушылардың жұмысын ұйымдастыру, басқару шешімдерін табу және қолдану;
 - нормативті-тәртіп құжаттармен жұмыс істеу;
 - денсаулық сақтау саласында кәсіби қызметті орындау үшін экономикалық және құқықтық білім негізін қолдану;
 - мейірбикелік көмек көрсету жүйесіндегі ұйымдастыру жұмысына саралау жүргізу, оның қабілеттілік және шектелу мүмкіншіліктерін анықтау, қолда бар ресурстарды қолдана отыра оның тиімділігін жоғарлататын бағдарлама жасау және оның орындалуын қамтамасыз ету;
 - қаражат-шаруашылық қызметтің ұйымдастыруда бухгалтерлік принциптерді қолдану;
- дағдысы болу керек:**
- қызмет көрсету аясында компьютерлі және басқа да ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеу;
 - медициналық, медициналық-әлеуметтік, медициналық-санитарлық және шұғыл көмек көрсету;
 - салауатты өмір сүру салтын насихаттау, аурулардың алдын алудағы іс-шараларды жүргізу;
 - денсаулық сақтау саласындағы мейірбикелік қызметті жоспарлау, ұйымдастыру, жетешілік ету, реттеу және қадағалау;
 - тиімді коммуникация, шилеңістер мен стресстерді шешімін табу, ұжымда инновациялық әдістерді қолдану;
 - мейірбике ісі саласында орындаушылардың кәсіби дайындығын анықтау, оқытуға арналған дидактикалық материалдарға әдістемелік сараптама жүргізіп, оқыту мақсатын нақтылау, кәсіби міндеттерді шешу негізінде оқу үрдісін ұйымдастыру және жүргізу.

жетік білуі керек:

- елдің мемлекеттік экономикалық және әлеуметтік саясаты;
- кәсіпкерлік, шаруашылық және денсаулық сақтау саласының заңдары;
- Мейірбике ісінің отандық және халықаралық дамуы мен жағдайы;
- медициналық көмек көрсету сапасын жетілдіру;
- Мейірбике ісі мамандары көрсететін медициналық көмек туралы стандарттарды жасау және қолдану;
- денсаулық сақтау аясындағы басқару, жетекшілік ету және маркетингті қызмет.

7 Білім берудің негізгі жалпыұлттық мақсаттары және мақсаттарының иерархиясы (пән циклінің мақсаты бойынша)

Жоғары білім берудің негізгі жалпы ұлттық мақсаттары әрбір адамға білім алудың түрін, мерзімін таңдап алуға кеңінен мүмкіншіліктер жасау арқылы жан-жақты жоғары білімді, интеллектуалды, өздерінің кәсіптік қабілетін іске асыра алатын мамандар дайындау. Ұлттық жоғары білім берудің концептуалды негізі бакалавриат деңгейінде кең қорлы кәсіби даярлық пен болашақ мамандардың жан-жақты терең білім алуына бағытталған. Осы тұрғыда бакалавр кәсіби қызметін жалпы интегралды әдістемелерімен қамтамасыз етіп, болашақ мамандардың кәсіби жасампаз қабілеттің дамыту арқылы әрқашан білімдерін жетілдіруге деген талпыныстарын қалыптастыру.

Мақсаттар жүйесі басқару профилінің негізгі пәндерінің экономикалық сипаты және арнаулы мамандық пәндерінің медициналық мейірбикелердің классикалық білім алуағы маңызды негізімен үйлесімді келуін қамтамасыз ету.

Жалпы білім беру пәндер циклдерінің оқыту мақсаты жоғары білім беру мекемелерінде жаратылыстану, жалпыгуманитарлық, лингвистикалық ғылымдарының негізінде оқыту.

Базалық пәндер циклдерінің оқыту бағыты медициналық, биологиялық, әлеуметтік ғылымдар ауқымында терең білім қорын қалыптастыру, денсаулық сақтау саласындағы медициналық-санитария мен медициналық-әлеуметтік көмек сұранысын қанағаттандыра алатын мейірбике ісі мамандарын дайындау. Оның негізгілері:

- мейірбике ісін қамтамасыз ету және жетекшілік ету;
- мейірбике ісі мамандары мен емделушілерге медициналық-санитарлық және медициналық-әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа тәсілдерін үйрету;
- болашақ мамандарда жетекшілік қабілетін қалыптастыру;

- клиникалық ойлау және ғылыми зерттеу арқылы Мейірбике ісі практикасын дамыту.

Кәсіптендіру пәндер Қазақстан денсаулық сақтау саласында экономикалық басқарудың негізгі теориялық аспектілерін және макро-, мезо- және микро- деңгейде басқарудың теориялық, практикалық аспектілерін оқуға бағытталған.

8 Оқу бітірушілердің білім деңгейіне қойылатын талаптар

8.1 Жалпы білім беруге қойылатын талаптар

Түлек білуге міндетті:

- қазіргі заманның рухани, мәдени, интеллектуалды, экологиялық құндылықтар негізін бағалауды;

- идеялық қайшылықтарды сын көзбен саралап, өзінің кәсіби қызмет саласындағы мәселелерге тиімді шешім қабылдауға;

- кең ой - өріс негізінде қоғам алдындағы өз міндетіне аса жауапкершілікпен қарауға;

- салауатты өмір сүрудің ғылыми танымдарына жетік;

- дене шынықтырудың дағдылары мен тәсілдерін білуге;

- жоғары мәдениетті;

- өз мамандығының әлеуметтік маңызын түсінетін, білімін үздіксіз жетілдіріп отыруға тиіс.

8.2 Әлеуметтік-этикалық құзіреттілікке қойылатын талаптар

Түлек білуге міндетті:

- Қазақстан Республикасы заңдарының негіздерін, әлеуметтануды меңгерген, денсаулық сақтау саласын ұйымдастыру мен этикалық, құқықтық нормаларға жетік, адамдар арасындағы қатынасты реттей білетін;

- кәсіби құндылықтарға иегер болуы, жанашыр, альтурист, әділетті, аса жауапты, дәрігерлік құпияға берік;

- емделуші, отбасы мүшелері және дәрігер, мейірбике арасындағы өзара түсінушілік пен қарым-қатынастың маңыздылығын сезіну;

- мәдени ғұрыптар мен діни сенімдерді сыйлауға;

- әріптестерінің көзқарастарын ескере отырып, парасатты қарым-қатынаста болуы тиіс.

8.3 Экономикалық және ұйымдық-басқарушылық құзіреттілігіне қойылатын талаптар

Алған білім мен біліктілікті еркін кәсіпкерлік жағдайдағы экономикалық, басқару, саралау жұмыс барысында дұрыс шешім қабылдауға пайдалану.

8.4 Кәсіби құзіреттілікке қойылатын талаптар

Мейірбике ісі бакалавры білуге міндетті:

- денсаулық сақтау, экономика саласында және мейірбикелік қызметті ұйымдастыру мен басқаруда жетік болуға;
- мейірбике ісі қызметінің атқарылуына кешенді сараптама беруге;
- ішкі және сыртқы орта өзгерістеріне жауап бере алатын Мейірбике ісі қызметінің тиімділігінің жоғарлататын жаңа көздерін анықтау;
- тұрғындарға тиімді медициналық көмекті қамтамасыз ететін практикалық дағдыларға иегер болуы, сонымен қатар мейірбикелік жұмыстың ерекшеліктеріне байланысты медициналық көмек көрсетуді ғылыми-негізделген сапалы деңгейде ұйымдастырып, басқару әдістемелерін іске асыру;
- денсаулық сақтау саласындағы қазақстан заңдары мен бухгалтерлік есепті білуі керек;
- халықаралық басқару жобаларының стандарттары мен сапалы медициналық көмек көрсетудің халықаралық стандарттарын жетік болу;
- іскерлік-жоспар және инновациялық, ғылыми-зерттеу жобаларын жасай білу.

8.5 Өзгерістер мен белгісіздіктің өспелі серпіні жағдайындағы әлеуметтік, экономикалық, кәсіби рөлдердің, географиялық және әлеуметтік икемділіктің ауысу дайындығына қойылатын талаптар

Түлек қабілетті болуы қажет:

- медициналық-санитарлық, медициналық-әлеуметтік көмек мекемелеріндегі өзгерістерге байланысты Қазақстандағы мейірбике ісінің жағдайын бағалау;
- басқару шешімдерін қабылдау;
- мейірбике ісін саралап, ондағы өзекті мәселелерді анықтау;
- мейірбике ісінің үрдісін толықтай қадағалап, уақтылы жоспарлап, ұйымдастырып, басқару;
- экономикалық және әлеуметтік өзгерістерге бейімделу;
- әлеуметтік, рухани, психологиялық тұрғыдан іскерлік және бейімділік;
- денсаулық сақтау саласының талабына сай медициналық мейірбике қызметін қалыптастыру.

8.6 Оқу пәндерінің негізгі циклдері бойынша білімділікке қойылатын талаптар

Жалпы білім беру пәндері циклі бойынша білім деңгейіне қойылатын талаптар.

Түлек жалпы адамзат және кәсіптік құндылықтарды, адам мен өмір тұтастығын түсінуде, жаратылыстану, гуманитарлық-психологиялық дүние танымын қалыптастыру барысында философия және әлеуметтік ғылым негіздерін білуі тиіс.

Студенттер **базалық пәндер** цикліне қоса келесі мәселелерді айқындайтын пәндерді оқып білуі керек: әлеуметтік қоршаған ортаға

байланысты адамның дамуы; тіршіліктің шығу тегі мен дамуының жалпы заңдылықтары; жастық және жыныстық ерекшеліктерге байланысты организмдегі тіндер, ағзалар мен жүйелер жасушаларының қызметі; нозология туралы түсінік: себептердің маңызы, дерттің пайда болу, даму, соңы кезіндегі организмнің қарсы тұру қабілеті; асқынулар мен ақыры сатыларындағы дерттің құрылымдық негізі; фармакотерапия үрдісіндегі дәрілік заттар жиынтығының фармакологиялық қасиеті; денсаулықты нығайту, қолдау және қалпына келтіру мәселелері.

Кәсіптендіру пәндер циклінде түлектердің кәсіптік деңгейіне жалпы талаптар қойылады, сондай-ақ келесі сұрақтарды білуге міндетті:

- денсаулық сақтау жүйесіндегі басқару жұмысының ерекшелігі мен мәнін;
- медициналық мекемелерде емдік-қорғау, санитария-гигиеналық, санитария-эпидемиологиялық тәртібіне қойылатын талаптар;
- коммуникативті сұрақтар;
- мейірбике ісінің практикалық қызметіне әсер ететін факторлар: денсаулық сақтау жүйесін ұйымдастыру, денсаулық сақтау саласының саясаты, әлеуметтік саясат, заңдар құрылымы, әлеуметтік және медициналық қызмет көрсету;
- ұлттық және аймақтық деңгейдегі денсаулық көрсеткіші;
- басқарудың ақпараттық жүйесі.

9 051101 - «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша білім беру бағдарламаның мазмұны

9.1 Кәсіптік білім бағдарламасы 1 кестеде ұсынылған пәндер циклдері бойынша жүргізіледі.

1 кесте

Пәндер циклдері	Пәндер және оның негізгі бөлімдерінің атаулары	Сағаттар саны
1	2	3
ЖББП	Жалпы білім беру пәндері	1440/32
МК	Міндетті компонент	1350/30
ЖББПМК 01	Қазақстан тарихы “Қазақстан тарихына” кіріспе. Қазақстан ежелгі дәуірде. Қазақстанның ежелгі тарихы. Палеолит (ежелгі тас ғасыры), мезолит (орта тас ғасыры), Неолит (жаңа тас ғасыры). Қола дәуірі. Ерте мемлекеттік	135/3

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	құрылымдар. Сактар. Үйсіндер мен қаңлылар. Ғұндар. Қазақстан орта ғасырларда. Ерте, орта ғасыр мемлекеттері (VI-X ғ.ғ.). Түрік қағанаты. Түргештер. Қарлұқтар. Оғыздар. Қимақтар. VI-X ғ.ғ. Қазақстанның экономикалық, мәдени өмірі. Дамыған орта ғасырлардағы мемлекеттер (XI ғ – XIII ғ. басы). Қарахандар. Қарақытайлар. Наймандар мен керейлер. Қыпшақтар. XI ғ. – XIII ғ. басындағы Қазақстан экономикасы мен мәдениетінің дамуы. Қазақстан монғол басқыншылығы кезеңінде. Алтын Орда. XIV-XV ғ.ғ. Ортағасырлық мемлекеттер. Көк Орда және Ақ Орда мемлекеттері. Моғолстан. Көшпелі өзбектер мемлекеті. Ноғай ордасы. Сібір хандығы. Қазақ халқының қалыптасуы. “Қазақ” этнонимі. Қазақ жүздері. XV ғ. – XV III ғ. басындағы Қазақ хандығы. XIV ғ – XVIII ғ. басындағы қазақтардың мәдениеті. Жаңа замандағы Қазақстан (XVIII-XX ғ. басы). Қазақстан XVIII ғ. бірінші ширегінде. Жаңа заман жағдайындағы Қазақстан мен Ресей. Қазақстанда отарлау дәуірінің басталды. XIX ғ. – XX ғ. басындағы Қазақстанның әлеуметтік – экономикалық және саяси дамуы. Қазақстан мәдениеті (XVIII-XX ғ. басы). Қазақстан қазіргі кезеңде. 1917 ж. Қазан төңкерісі және оның алғы шарттары. Азамат соғысы – халық қасіреті (1918 – 1920 ж.ж.) Қазақ Кеңес мемлекетінің құрылуы. Қазақстандағы “соғыс коммунизмі” саясаты (1918 – 1921 ж., наурыз). Өлкедегі Кеңес мемлекетінің құрылуы. ЖЭС-тің әлеуметтік-экономикалық нәтижелері. Ауыл шаруашылығы ұжымдастыру – Қазақстан шаруашылығының қасіреті. Индустрияландыру: сипаты, қарқыны, көлемі. Соғыс	

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	қарсаңындағы Қазақстанның әлеуметтік – экономикалық дамуы. Қоғамдық – саяси жағдай. Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында. (1941 – 1945 ж.ж.). Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда (1946 – 1953 ж.ж.). Хрушев реформалары тұсында Қазақстан (1953 – 1964 ж.ж.). 1960 жылдардың 2 жартысы мен 1980 жылдың I жартысындағы Қазақстан. “Қазақстандағы қайта құру” саясаты (1985 – 1992). Тәуелсіз Қазақстан. Қазақстан тәуелсіздік жолында. Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануы. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының құрылуы. (ТМД). Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылысы. Экономикалық дамуы. Қоғамдық – саяси даму. Рухани даму. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты.	
ЖББПМК 02	Философия Философия мәдениет феномені ретінде. Философия пәні және қызметтері. Мәдени-тарихи контексттегі философия. Мәдениет контекстіндегі философияның тарихи типтері. Ежелгі Үнді философиясы шығыс мәдениетінің феномені ретінде. Қытай мәдениетінің гүлденуі кезіндегі ежелгі Қытай философиясы. Антика мәдениетіндегі философия. Орта ғасырлық мәдениеттегі философия феномені. Ислам мәдениеті аясындағы араб-мұсылман философиясы. Батыс Еуропалық орта ғасырлық мәдениеттегі философия және дін феномені. Қайта өрлеу және Реформация мәдениетіндегі философия. Жаңа Заман мәдениетіндегі батыс еуропалық философия. XIX ғасырдың екінші жартысындағы мәдениеттегі батыс еуропалық философия. Орыс философиясы XIX-XX ғ.ғ. ресейлік мәдениеттің феномені ретінде. Қазақ мәдениетіндегі философия феномені. XX ғ. мәдениетіндегі Кеңестік	135/3

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	философия. XX ғ. және XXI ғ. алдындағы мәдениет аясындағы батыс философиясы. Болмыс философиясы. Философиялық антропология. Әлеуметтік философия. Мәдениет философиясы. Махаббат философиясы. Дін философиясы. Тарих философиясы. Саясат философиясы. Білім беру философиясы. Диалектика теориясының мәселелері. Эпистемология ғаламдық (жаһандық) мәселелердің философиясы.	
ЖББПМК 03	Шет тілі Оқытылатын шетел тілінің фонетикалық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық нормалары. Фонетика: шетел тілінің айтылу, ырғақтық-интонациялық ерекшеліктері, дыбыстық жүйенің рецепциясы мен репродукциясы. Орфография: тілдің дыбыстық-әріптік жүйесі, негізгі орфографиялық ережелер. Лексика: сөзжасам модельдері; көлемі негізгі тілдің 2500 бірлігін құрайтын лексикалық минимум, сонымен қатар мамандықтың профиліне сай терминдер; қолданыс кеңістігіне сай лексиканың дифференциясы. Грамматика: негізгі сөз таптар-зат есім, сын есім, үстеу, етістік, артикаль, есімдік; жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдердің құрылымы, сөзжасамның негізгі модельдері. Оқу: таныстыру, анықтамалық, шолып оқу дағдысының қалыптасуы. Сөйлеу: оқылған тақырыптар көлемінде монолог пен диалогты дамыту шеберлігі. Жазу тізбекті ой жүйесін жеткізу, тұжырымдамалар мен шығармалар, жеке және іскерлік мәндегі хаттар жазу дағдысын жетілдіру. Мамандыққа байланысты шетел тіліндегі мәтіндерді ана тілінде тілдік нормаларға сай аудару. Тыңдау: күнделікті кездесетін ақпараттық, кәсіптік мәндегі хабарларды тыңдау арқылы қабылдау.	270/6

1 кестенің жалғасы

1	2	3
ЖББПМК 04	Қазақ (орыс) тілі Жалпы қолданыстағы сөздер мен сөз тіркестерінің лексикалық минимумын кеңейту. Тілдегі қолданыс деңгейіне қарай грамматикалық формалар мен құрылымдарды меңгерту. Мамандық бойынша лексикалық және терминологиялық минимумды білу. Сөйлеудің түрін: әңгімелесу, суреттеу, хабарлауды құрастыру. Грамматикалық формалар мен құрылымдарды сөйлеу процесінде дұрыс қолдану. Белгілі мәтіндерді қайта өңдеу. Тілдік қызметтің әр түрінде (сөйлеу, тыңдау, оқу, жазу) қиын емес прагматикалық мәтіндерді, әлеуметтік-тұрмыстық және кәсіби саладағы өзекті тақырыптардағы сұхбаттар мен монологтарды ауызша және жазбаша түрде өңдеу. Кәсіби білімін дамыту: а) мамандық бойынша әдебиеттерді оқу, тыңдау, мазмұндау дағдылары мен икемділіктерін қалыптастыру; б) әр түрлі ғылыми мәтіндерді оқулықтардағы мәтіндер мен дәрістерге мамандығына байланысты сұхбаттар мен монологтар құру; в) пікірін білдірудің негізгі әдістемелерін қарқынды оқыту: монолог - суреттеу, сұхбат, пікірталас ұйымдастыруға дағдыландыру. Кәсіби қазақ (орыс) тілі. Ғылыми-кәсіби сөйлеуді дамыту: а) ғылыми-кәсіби сөйлеуде белсенді, жалпылама, көлемді біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру.	270/6
ЖББПМК 05	Информатика Информатика пәні, объектісі және құрамдас бөліктері. Ақпаратты көрсету формалары. Сан жүйелері. Сандарды аудару әдістері; екілік арифметика. Дескрегизация ұғымы, белгіленген және жылжымалы үтірлі сандармен арифметикалық операцияларды орындау. Тілдер үшін объектілер және	135/3

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	процесстерді кескіндеу тәсілі. Қазіргі заманғы есептеу техникасының құрылысы. Ақпаратты компьютерде беру. Бульдік алгебра және компьютердің логикалық схемасы. Логикалық схемалар және логикалық машиналар. Компьютердің негізгі блоктарының элементтерінің негіздерін ұйымдастыру. Процессордың архитектуралық ұйымдасуы. Компьютердің жадын ұйымдастыру, программаны басқару принципі, функционалдық және құрылымдық компьютерді ұйымдастыру, мәліметтерді өңдеудегі желілік технологиялар. Бағдарламалауға кіріспе. Есептерді алгоритмдеу негіздері. Алгоритмдер (типтер, қасиеттері, беру тәсілдері). Алгоритмдік құрылымдары. Бағдарлама құруды оқыту тілдері. Жалпы қызметтік бағдарламалау тілдері. Қолданбалы бағдарламамен қамтамасыз ету, ақпаратты өңдеу. Берілгендер базасын басқару жүйесі. Компьютерлік желілер, желілік және телекоммуникациялық технологиялар. Желілер жөнінде жалпы мағлұмат, компьютерлерлердің желілік қарым-қатынасының қажеттілігі. Ақпаратты қорғау негіздері. Ақпараттық қауіпсіздік және оның құрамалары. Ақпараттық процесстерге заңсыз енуден қорғау. Ұйымдастыру шаралары, ақпаратты қорғаудың инженерлік-техникалық және де басқаша әдістері. Жергілікті компьютерлік желідегі ақпаратты қорғау, антивирустық қорғану. Электронды басқару – денсаулық сақтау жүйесінің жинақталып біріккен ақпараты деген түсінік.	
ЖББПМК 06	Экология Экология ұғымы, экологияның ғылым ретінде қалыптасуы және дамуы. Экологияның мақсаты, міндеттері, зерттеу әдістері.	45/1

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	Қазіргі экономикалық және саяси мәселелерді шешудегі экологияның орны және атқаратын ролі. Аутэкология: экологиялық факторлар, оптимум және минимум аймақтары. Демэкология: популяция сипаттамалары, флуктуациялар және популяция санының реттелуі. Синэкология: қауымдастық ішіндегі әсерлесулердің түрлері, қауымдастықтың трофикалық құрылымы және экологиялық пирамидалар. Экожүйелердің флуктуациялары: энергия алмасуы және заттар айналымы, экожүйелердің біртұтастығы және орнықтылығы, экологиялық сукцессиялар. Биоценоз, биогеоценоз, экожүйе туралы түсінік. Құрлықтық және сулық экожүйелердің типтері. Биосфера және ноосфера туралы ілім. Биосфераның тірі заты және оның функциялары. Табиғи ресурстар және табиғатты ұтымды пайдалану. Табиғатты қорғау және қазіргі заманның экологиялық мәселелері. Экологиялық даму мәселелері.	
ЖББПМК 07	Саясаттану Саясаттану ғылымы, оның қазіргі заманғы ғылыми білім жүйесіндегі орны. Саясаттың мәні, құрылымы, қызметтері және субъектілері. Саяси билік. Қауымның саяси жүйесі. Қазақстан Республикасының саяси жүйесінің модернизациясы. Мемлекет саяси жүйенің негізгі институты. Қазақстанда азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет құрудағы мәселелер. Саяси тәртіп. Саяси партиялар мен партиялық жүйелер. Саяси элита және саяси көшбасшы. Қоғамның саяси сана мен саяси мәдениеті. Жеке тұлғаның саяси әлеуметтенуі. Әлемдік саясат және халықаралық қатынастар. Қазақстан Республикасындағы саяси үрдістің мәселелері мен қайшылықтары. Қазақстан әлемдік қоғамдастықта.	90/2

1 кестенің жалғасы

1	2	3
ЖББПМК 08	Әлеуметтану Әлеуметтік білім жүйесіндегі әлеуметтік статус. Әлеуметтік білімнің құрылымы. Макро-микро әлеуметтану. Теориялық және қолданбалы әлеуметтану. Әлеуметтану заңдылықтары мен категориялары. Әлеуметтану әдістемесі. Әлеуметтанудың басқа әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдармен байланысы. Әлеуметтану тарихының негізгі бағыттары. Әлеуметтанудың қалыптасуындағы негізгі кезеңдер. О.Кант және Э.Дюркгейм – әлеуметтанудың бастаушылары. XX ғасыр әлеуметтануы. Ресейдегі әлеуметтану көзқарасының дамуы. Қазақстандағы әлеуметтану көзқарасының дамуы. Әлеуметтік өмірдің элементтері. Қоғам әлеуметтік жүйе ретінде. Әлеуметтік институттар мен әлеуметтік үрдістер. Әлеуметтік құрылым және әлеуметтік стратификация. Жеке бастың әлеуметтік сипаты. Жеке бастың құрылымы. Әлеуметтендіру үрдісінің мазмұны, оның негізгі құрылымы. Қоғамдағы ауытқушылықтар және әлеуметтік бақылау. Арнаулы әлеуметтік теория. Білім берудің әлеуметтануы. Саяси әлеуметтануы. Экономикалық әлеуметтануы. Отбасы әлеуметтануы. Мәдениет әлеуметтануы. Бұқаралық ақпарат әлеуметтануы. Әлеуметтік зерттеу бағдарламасының құрылымы. Мәліметтерді жинаудың негізгі әдістері және олардың топтамасы. Ақпараттарды өңдеу әдістері мен нәтижелерін саралау.	90/2
ЖББПМК 09	Құқық негіздері “Құқық негіздері” курсы пәні және жүйесі. Мемлекет және құқық теориясы. Мемлекет туралы негізгі ұғымдар. Құқық және құқықтық құбылыстар туралы негізгі	90/2

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	ұғымдар. Құқықтық қатынастар. Заң және мінез-құлық пен құқық бұзушылық. Зандық жауапкершілік. Қазақстан Республикасының негізгі құқық саласы – Конституциялық құқық. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару және әкімшілік құқық. Әкімшілік жауапкершілік. ҚР азаматтық құқығы туралы жалпы түсінік. Меншік құқығы және өзге де заттық құқықтар. Міндеттемелер туралы ережелер. Шаруашылық шарттарының жекелеген түрлері. Мұрагерлік құқық. ҚР отбасы құқығы негіздері. Құқық қорғау мекемелері қызметін ұйымдастыру және қызметтерінің негіздері. ҚР салық жүйесі. ҚР еңбек құқығы. Еңбек құқығы негіздері және әлеуметтік қамсыздандыру құқығы. ҚР қылмыстық құқық негіздері. Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес. Адам мен азаматтың жеке бас бостандығына қарсы қылмыстар. ҚР сақтандыру құқығы. Сақтандыру қызметін құқықтық реттеу. Қазақстан Республикасының экология құқығы негіздері. Қазақстан Республикасының жер құқығы негіздері. ҚР іс жүргізу құқығы. Қылмыстық іс жүргізу және азаматтық іс жүргізу құқықтарының негіздері.	
ЖББПМК 10	Экономикалық теория негіздері Өндіру, бөлу, айырбастау және тұтыну үрдісінде пайда болатын адамдар арасындағы экономикалық қатынастар. Экономикалық шешімдерді қабылдау кезіндегі адамдардың экономикалық әрекеті. Экономикалық сараптау қажеттілігі. Экономикалық үрдістерді ғылыми сараптау әдістері. Қоғамдық өндірістің жалпы негіздері. Ресурстар және олардың шектеулілігі. Меншік: мәні және	90/2

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	нысандары. Қоғамдық өндіріс нысандары. Экономикалық жүйелердің негізгі типтері және модельдері. Нарықтық экономика элементтері. Нарықтық экономика жағдайындағы жеке-дара ұдайы өндірістің мәні және заңдылықтары. Экономикадағы өнімдердің, шығыстар мен табыстардың ауыспалы айналымы. Ұлттық экономиканы ұдайы өндіру. Ұлттық есеп жүйесі. Қоғамның экономикалық және әлеуметтік дамуы. Ақша-несие және қаржы жүйелері. Ұлттық экономиканы мемлекеттік реттеу.	
ТК	Таңдау бойынша компонент	90/2
НП	Базалық пәндер	2880/64
МК	Міндетті компонент	2160/48
БПМК 01	Медициналық биология және генетика Тіршіліктің шығу тегі мен дамуының негізгі заңдылықтары. Адам антропогенезі және онтогенезі. Генетика заңдары. Биосфера және экология. Паразитизм феномені. Адам өмірін сүру тіршілігінің жалпыбиологиялық заңдылықтары. Тіршіліктің қалыптасу деңгейлері. Жасушаның биологиясы. Тұқымқуалаушылық, өзгергіштік. Тұқымқуалау белгілерінің заңдылықтары. Хромосомды теория: геном, прокариот және эукариот. Адам генетикасы. Даму биологиясы. Адам экологиясының биологиялық аспектілері.	90/2
БПМК 02	Анатомия Анатомия туралы түсінік және оның биологиялық ғылымдар қатарынан алатын орны. Тірек-қимыл аппараты: құрылысы, қызметі, филоонтогенезі. Остеология: бас, кеуде, қол-аяқтың қаңқалық құрылымы. Синдесмология: тұтасу түрлері мен құрылымы, буындардың түрлері мен құрылымы. Миология: бұлшық еттердің құрылымы, қызметі, түрлері. Бас, кеуде,	180/4

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	қол-аяқтың бұлшық еттері. Тері жабыны және оның туындыларының морфофункциялы сипаты. Спланхнология: асқорыту, тыныс алу, зәр шығару жүйесінің құрылымы, филоонтогенезі. Ангиология: қан тамырлар, лимфатикалық жүйе, қан жасау ағзаларының құрылымы, қызметі, филоонтогенезі. Ішкі секрециялық бездердің морфофункционалды сипаты. Нерв жүйесінің морфологиялық сипаты мен маңызы. Нерв жүйесінің орталық, перифериялық, вегетативті бөлімдері. Сезім ағзаларының құрылымы мен қызметі.	
БПМК 03	Физиология Физиологияның пәні, мазмұны, зерттеу әдістері. Басқа пәндермен физиологияның байланысы. Организм және гомеостаз туралы түсінік. Физиологиялық үрдістер және организм қызметі. Физиологиялық үрдістерді реттеу механизмі. Қан жүйесінің физиологиясы. Жүрек және қан тамырлардың физиологиясы. Тыныс алу, ас қорыту, зат алмасу және қуат физиологиясы. Бөліп шығару үрдісінің маңызы. Бүйрек және терінің физиологиясы. Ішкі секреция бездері. Қозғыш тіндердің физиологиясы. Орталық нерв жүйесінің маңызы мен қызметі. Жоғары нерв қызметі. Зат алмасу және қуат. Жылу реттегіш, организмнің тұтас қызметі.	90/2
БПМК 04	Патологиялық физиология Пән және міндеттері. Жалпы патологиялық физиология. Дерт туралы ілім. Дерттің ішкі және сыртқа себептері туралы түсінік. Организмнің зақымдалу, компенсаторлы және қалпына келу реакциясы, сауығу механизмі. Патологиядағы организмнің жауап беру рөлі, тұқымқуалау рөлі. Типтік патологиялық үрдістер: қанайналым мен	90/2

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	микроциркуляциялық бұзылулар, тромбоз және эмболия, қабыну, безгек, аллергия. Зат алмасу бұзылуларының патологиялық физиологиясы. Гипоксия. Тіндік өсім бұзылулары.	
БПМК 05	Патологиялық анатомия Патологиялық анатомия пәні, міндеттері және әдістемелері. Құрылымдық негізі, дамудың морфогенетикалық механизмі, жіктемесі, морфологиялық көріністері, асқынулары, нәтижесі. Жалпы патологиялық үрдістің кейбір түрлерінің салыстырмалы диагностикасы: зақымдалу; қан, лимфа айналым бұзылулары; қабыну; бейімдеу; иммундық бұзылулар; онкопатология.	90/2
БПМК 06	Микробиология Микробиология пәні, мақсаты, міндеттері. Микроорганизмдер жіктемесі. Бактериялардың морфология, физиология, және биохимиясы. Вирустар және оның табиғаты. Жүйелік негізі. Жасушалармен вирустың әсерлесуі. Бактериялар мен вирустардың генетикасы. Дезжұқпа, асептика, антисептиканың микробиологиялық негізі. Химиотерапиялық заттарды қолдану. Микроорганизмдердің экологиясы. Жұқпалы үрдіс туралы ілім. Иммунитет туралы ілім. Иммунитеттің түрлері мен механизмі. Бейспецификалық қорғаныс факторлары. Антиген, антидене сипаты. Антиген-антидене реакциясы. Аллергиялық реакция.	90/2
БПМК 07	Психология негізі Психология пәні мен міндеттері. Психологияның негізгі принциптері мен категориясы. Психиканың даму сатылары. Негізгі психикалық үрдістер, жеке бас қасиеті мен жағдайы. Сезу, қабылдау, түсінік. Қиялдау. Есте сақтау және оның	45/1

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	қызметі, түрлері. Назар аудару және оның сапасы. Ойлау және сөйлеу. Интеллект ой-өрістің туындысы. Сезім мен жігер. Инстинкттер. Сана және сана-сезім. Жеке бас, темперамент, мінезі мен қабілеті. Жекелік. Топтар мен ұжымдағы жеке бас қарым-қатынасы. Маманның тұлғалық кәсіби статусының қалыптасу аспектілері.	
БПМК 08	Жалпы гигиена Гигиеналық нормалар мен болжамның ғылыми негізі. Ауа гигиенасы. Судың нормалық сапасы. Қаланы санитарлық тазалаудың жаңа мәселелері. Тамақ денсаулық факторы. Қоршаған орта мен адам организмнің байланыс негізі.	45/1
БПМК 09	Фармакология негіздері Жалпы рецептура, жалпы фармакология пәні. Басқа пәндермен фармакологияның байланысы. Микробқа қарсы заттар, нейротропты заттар, жүрек-қан тамыр жүйесіне әсер ететін заттар, тыныс алу және аскорыту ағзалар қызметіне әсер ететін заттар, миометрияның серпімділігі мен жиырылу белсенділігіне әсер ететін заттар, қан жүйесіне әсер ететін заттар; қан сары суы алмастырғыш және дезинтоксикациялық ерітінділер; гормондар, ферменттер және витаминдер. Дәрілік заттармен жедел уланудың негізгі принциптері.	90/2
БПМК 10	Мейірбике ісінің негіздері Мейірбикенің кәсіби рөлі; мейірбикелік үрдіс-ғылыми тұрғыдағы мейірбике ісі; мейірбике қызметі және оның мүмкін бұзылулары. Кәсіби этика және деонтологияның негіздері. ЕАМ санитарлық дезинфекциялық тәртіп: дезинфекциялық ерітінділерді дайындау; ЕАМ кеңсесіне тазалық жүргізу; күтімге қажетті заттарды дезжұқпалау. Медициналық аспаптарды	180/4

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	өндеу кезеңдері: дезжұкпа, стерилдеу алдында тазалау, стерилдеу. Дәрілік заттарды босату, сақтау және тарату: қатты және сұйық дәрілік заттарды энтералды қолдану, калталық инголятор қолдану. Манипуляциялық техника: сеппе, емдік пластыр және көзге, құлаққа, мұрынға тамшылы дәрілік заттарды қолдану. Тері астына, теріге, бұлшық етке, көктамырға инъекциялар мен көктамырға сұйықтықтар жіберу. Антибиотиктерді еріту, инсулинді есептеу. Дене қызуын, АҚ өлшеу техникасы. Лоңқа, қыша, жылытқы, мұзды қап, емдік сүлік. Оттекті қап, баллон арқылы оттегін беру техникасы. Сырқаттарды күту: терісін, ауыз қуысын, мұрын қуыстарын, құлағын, шаштарын, аяқтарын; жауыр жараның алдын алу. Дәрет сауыт беру және сырқаттың астын жуу техникасы. Ауыр сырқаттарды тамақтандыру және жасанды тамақтандыру тәсілдері: сүңгі, гастром, тік ішек. Асқазан шаю, клизма қою, катетеризация жүргізу техникасы. Өте ауыр және өлім алдындағы сырқаттар күтімі. Емдік тамақтандыруды ұйымдастыру.	
БПМК 11	Ішкі аурулар пропедевтикасы және терапиядағы мейірбике ісі Сырқаттарды зерттеу әдістерін үйрену (физикалды, зертханалық-инструменталды). Жалпы қарау. Тыныс алу ағзаларын, жүрек-қан тамыр жүйесін, асқорыту ағзаларын, зәр шығару және эндокринді жүйелерді зерттеу әдістері. Симптомдар мен синдромдар туралы түсінік. Ішкі ағзалар ауруларында байқалатын симптомдар мен синдромдар. Синдромалды тұрғыдан алғашқы диагноз қою. Шұғыл жағдай және жедел жәрдем көрсету принциптері. Терапия тарихы,	180/4

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	терапиялық көмекті ұйымдастыру жүйесі. Тыныс алу ағзаларының, жүрек-қан тамыр жүйесінің, ас қорыту ағзаларының, зәр шығару жүйесінің, қан өндіру ағзалары аурулары, эндокринді аурулар, буын аурулары, дәрілік дерт. Ішкі ағзалар ауруларының этиологиясы, клиникасы, диагностикалау, күтімі, емдеу, алдын алу. Ішкі ағзалар ауруларындағы мейірбикелік үрдіс.	
БПМК 12	Педиатриядағы мейірбике ісі Қазақстан Республикасында мейірбикелік қызметті ұйымдастыру. Дені сау және сырқат баланың ағзалары мен жүйелерін зерттеу әдістерінің ерекшеліктері. Баланың дене, жүйке-психикалық және жыныстық дамуын кешенді бағалау. Ерте жастағы дені сау балалардың тағамын есептеу және ұйымдастыру тәртібі. Ересек жастағы сау балалардың рационалды тамақтануының жаңа принциптері. Балалардағы әртүрлі ауруларда ағзалар және жүйелердің негізгі зақымдалуларының симптоматологиясы мен синдромологиясы. Нәрестелердің аурулары, сулы-электролитті тепеңдіктің бұзылысы, ерте жастағы балалардың аурулары; балалардағы тыныс алу ағзалары, жүрек-қан тамыр жүйесі, асқорыту ағзаларының, бүйрек, қан, эндокринді жүйе аурулары; жұқпалы аурулар – айғақты медицина тұрғысынан. Балалардағы мейірбикелік үрдісті ұйымдастыру. Шұғыл жағдай, дәрігерге дейінгі көмек көрсету принциптері. Балалар ауруларының алдын алу.	180/4
БПМК 13	Хирургия мен реанимациядағы мейірбике ісі Хирургиялық, онкологиялық көмекті ұйымдастыру жүйесі. Асептика мен антисептика. Емделуші және медицина қызметкерінің инфекциялық қауіпсіздігі.	135/3

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	Жансыздандыру әдістері. Десмургия. Гемостаз. Трансфузиологияның негізгі сұрақтары. Хирургиялық, онкологиялық аурулардегі мейірбикелік үрдіс. Хирургия және реанимациядағы айғақты медицина. Іштің жедел ауруы, тамырлар ауруы, зәр шығару жүйесі аурулары. Травматология, реаниматология негіздері. Хирургиялық сырқаттардың күтім ерекшеліктері. Хирургия мен травматология жағдайындағы дәрігерге дейінгі шұғыл көмек. Анестезиологияның жалпы мәселелері. Наркоз. Наркотикалық заттар фармакодинамикасы, көрсеткіші, кері көрсеткіші. Жергілікті анестезия, оның әдістері. Жұлын анестезиясы. Қан кету, қан жоғалту, тоқтату әдістері. Қан құю. Хирургиялық операциялар, түрлері. Күйік, үсік, оларды емдеу. Жедел және созылмалы іріңді жұқпалар. Паразитті аурулар. Өлеттену, жара, шірік, жыланкөз. Пластикалық хирургия. Эндоскопиялық хирургия. Жеке хирургия. Кеңінен таралған хирургиялық аурулардың этиологиясы, патогенезі, клиникасы, диагностикасы және хирургиялық емдеу әдістері.	
БПМК 14	Акушерлік және гинекологиядағы мейірбике ісі Акушерлік-гинекологиялық көмекті ұйымдастыру. Акушерлік және гинекологияда қолданылатын зерттеу әдістемелер. Ұрықты антенатальды қорғау. Акушерлік мен гинекологиядағы айғақты медицина. Жүкті, босанатын және босанған аналардың негізгі өзекті мәселелері. Босану кезіндегі көмек. Нәрестелердің алғашқы туалеті. Әйелдердің жыныс мүшелерінің қабынбалы аурулары. Бедеулік. Гинекологиялық аурулардегі мейірбикелік үрдіс. Гинекологиялық ауру-	180/4

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	лардың алдын алу. Балалар гинекологиясы. Акушерлік және гинекологиядағы шұғыл жағдай кезіндегі дәрігерге дейінгі көмек. Сексопатология негіздері.	
БПМК 15	Жұқпалы аурулардағы мейірбике ісі Инфекциялық аурумен ауыратын сырқаттарға медициналық көмек ұйымдастыру. Жұқпалы ауруларды анықтау әдістері, емдеу принциптері және алдын алу, емделуші мен медицина қызметкерлерінің инфекциялық қауіпсіздігі. Инфекциялық қадағалау. Жұқпалы аурулардағы айғақты медицина. Тамшылы жұқпалар. Ішек жұқпалары. Вирусты гепатиттер. Карантинді және аса қауіпті жұқпалар. Безгек. Тырысқақ. АҚТҚ жұқпасы. Жұқпалы аурулардағы мейірбикелік үрдіс.	90/2
БПМК 16	Неврологиядағы мейірбике ісі Невропотологияға кіріспе. Неврологиялық аурулармен ауыратын сырқаттарға медициналық көмек ұйымы. Негізгі неврологиялық синдромдардың клиникалық көріністері. Неврологиядағы айғақты медицина. Перифериялық нерв жүйесіндегі аурулар. Жедел жұқпалы аурулар және бас миының шайқалуы. Мидағы қан айналымының жедел бұзылулары. Бас миындағы ісіктер. Вегетативті нерв жүйесінің аурулары. Паркинсонизм. Қояншық. Неврологиядағы мейірбикелік үрдісті ұйымдастыру. Невропотологиялық шұғыл жағдайдағы дәрігерге дейінгі көмек. Неврологиялық аурулардың алдын алу.	45/1
БПМК 17	Геронтология мен гериатрия Геронтология мен гериатрия қызметінің құрылымы және міндеттері. Егде және қартайған шақтағы сырқаттану құрылымы. Егде адамдардағы аурулардың клиникалық ағымы мен емінің ерекшеліктері.	90/2

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	Қартайған кездегі жарақаттану. Егде және қартайған жастағы адамдарға мейірбикелік үрдісті ұйымдастыру.	
БПМК 18	Шұғыл медицина курсымен жедел және шұғыл медициналық көмек Жедел жәрдем қызметінің жұмысын ұйымдастыру, құрылымы, жабдыкталуы. Айғақты медицина тұрғысынан ішкі аурулар, хирургия, урология, онкология, жұқпа, нерв, психикалық, балалар, көз, Акушерлік-гинекологиялық аурулар, жарақаттар, қайғылы жағдайлар, апатты жағдайларының клиникалық көрінісі, көмек көрсетуді анықтау, көрсетілетін шұғыл көмек тәсілдері. Реанимация тәсілдері. Шұғыл жағдайларда медициналық көмекті ұйымдастыру – медициналық апат. Апаттың медициналық сипаты, медициналық апат пен азаматтық қорғаныстың медициналық қызметін ұйымдастыру және міндеттері, тұрғындарды, сырқаттар мен медициналық қызметкерлерді қорғау, төтенше жағдайларда медициналық көмекті ұйымдастыру және көрсету.	90/2
БПМК 19	Клиникалық фармакология Дәрілердің негізгі топтарының клиникалық фармакологиясы, олардың ағзалар мен жүйелердің әртүрлі қызметіне әсері. Әртүрлі дәрілік топтардың әсер ету механизмі, олардың фармакокинетикасы мен фармакодинамикасы. Айғақты медицина. Әртүрлі дәрілік заттармен улануда көрсетілетін ем принциптері. Дәрілік заттардың үйлесімдігі. Дәрілердің қолайсыз кері әсерлерінің алдын алу.	45/1
БПМК 20	Медициналық психология Әртүрлі аурулардың психикалық көріністері. Айғақты медицина. Психосоматикалық	45/1

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	және психогениялық, патогендік көңіл-күйлер, соматогениялық туралы түсініктер. Психогигиена, психикалық алдын алу және психоем туралы түсінік. Емделушінің психосоматикалық жағдайын сараптау. Соматикалық аурулар кезіндегі психологиялық қорғаныштар; психотерапия әдістері; әртүрлі деңгейдегі психикалық алдын алу әдістері; ятрогенді аурулар кезіндегі сырқаттармен жұмыс атқару ерекшеліктері.	
